

✓ **6 қазан**  
**6 октябрь**

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

**РЕФЕРЕНДУМ**

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!



# Талдықорған

Үлгі болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың  
2-наурызынан шыға бастады



**TDKO**  
TALDYKORGAN ONLINE

[www.taldykorgan-online.kz](http://www.taldykorgan-online.kz)

e-mail: [taldyk@bk.ru](mailto:taldyk@bk.ru)



@Taldykorganpress

№39 (1829)

Жұма, 27-қыркүйек 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті

## ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



## ШАҒАРЫМЫЗ ШЫРАЙЛАНА ТҮСУДЕ

**Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Талдықорған қаласының жол инфрақұрылымындағы құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.**

Облыс басшысының жұмыс сапары «3-ші бөлімшедегі» жол жөндеу жұмыстарының барысын шолудан басталды. Мұнда ұзындығы 15 шақырым болатын қолданыстағы 20 көшенің барлығын кезең-кезеңімен жөндеу жұмыстарымен қамту жоспарлануда. Жоба 3 жылға есептелген. Қазір 3 көшеде құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Жұмыстарды атқарып жатқан мердігер компания өкілдерімен өзекті мәселелерді талқылаған аймақ басшысы жоспарланған жұмыс көлемін тиімді әрі мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Облыс әкімі Жақсыгелдинов көшесінің үш жылдан бері ұзаққа созылған жөндеу жұмыстарының аяқталуын күткен Өтенай ауылының тұрғындарымен де кездесті. Қазір көшеге жаңа асфальт төселген. Өткен жылы көшеге жарықтандыру орнатылды. Табиғи газ да жеткізілді. Тұрғындармен әңгімелескен аймақ басшысы облыс орталығын одан әрі дамыту жоспарларымен бөлісті:

– Соңғы 2-2,5 жылда біз облыстың аудандары мен ауылдарында тұрғын үй мен әлеуметтік нысандардың құрылысына көп көңіл бөлдік. Бұл халықтың тұрмыстық әлеуетін көтеруге үлкен септігін тиізіледі. Енді алдағы 2 жылда облыс орталығын абаттандырумен айналысамыз. Бұған әрине, жол жөндеу жұмыстары кіреді. Шеттен және қала маңынан бастаймыз, – деді аймақ басшысы Бейбіт Өксікбайұлы.

Облыс әкімі биыл 9 көшені күрделі жөн-

деуден өткізу жоспарланған «Көктал» шағын ауданына да барды. Жоспардағы көшенің екеуі толық аяқталған. Жалпы, шағын ауданда ұзындығы 22,6 шақырымды құрайтын 36 көше бар.

«Шығыс» шағын ауданында да күрделі жол жөндеу жұмыстары басталып кетті. Жөндеу жұмыстары ұзындығы 10,5 шақырымды құрайтын 7 көшені қамтыды. Оның ішінде 3 көшені биыл, қалған 4 көшені келер жылы аяқтау жоспарлануда.

Облыс басшысы халықпен кездесуде аталған шағын аудандар мен елді мекеннің барлығында жол жөндеу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп, бюджет қаражаты бөлінгендіктен 3 жыл ішінде аяқталуы керектігін баса айтты. Қаладағы «Ұлан» шағын ауданында ойын алаңдарының жоқтығы мен жол мәселесі бар. Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Талдықорған қаласының тұрғындарымен кездесу ұйымдастырғанда осы түйткілді мәселелер айтылған еді. Сол сәттен бастап шағын аудандағы 25 көпқабатты үйді түгел қамтитын 5 ауланы бірден абаттандыру бойынша кешенді жұмыс басталды. Шағын ауданның ауласын абаттандыру жұмыстары қараша айының соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

– Талдықорғанның климаты жақсы, таза, әдемі, жасыл қала. Сонымен бірге, бөлінген бюджет қаражатын тиімді жұмсай отырып, халықтың өмір сүруіне қолайлы және жайлы жағдай жасауды және өмір сүру сапасын арттыруды жалғастыру қажет. Аудандар мен жалпы облыс орталығын дамыту мен абаттандыруда оң өзгерістерді сезіну маңызды. Ең бастысы мұның барлығы халық игілігіне жасалуда, – деді аймақ басшысы.

Өз тілшіміз  
Фото: Жеңіс Ысқабай

**ТУҒАН КҮНІҢМЕН  
ТАЛДЫҚОРҒАН!**

*Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары және қала қонақтары!*

Сіздерді жасып, шуақты шаһарымыз Талдықорған қаласының мерекесі «Қала күнімен» және өсем қаламыздың қала мәртебесін алғанына 80 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл уақыт тарих үшін санаулы болғанымен, қала дамуы үшін маңызды кезең! Тарихы терең сүйікті шаһарымыз қарқынды дамып, ажарлана түсуде.

Оның бет-бейнесі күннен-күнге түрленіп, көше мен саябақтары гүлденіп, көргенде көз тояды. Қолданысқа беріліп жатқан ғимараттар мен демалыс орындары жергілікті тұрғындарға, қала қонақтарына жағымды көңіл-күй сыйлары сөзсіз. Мәдени ошақтар, денсаулық сақтау, спорт нысандары бой көтеріп, жарқын қаламыздың көркіне көрік қосуда.

Сондай-ақ, қаланың дамуымен қатар халықтың тұрмыс жағдайы да жақсарды. Көптеген кәсіпорындар іске қосылып, жұмыссыздық деңгейі төмендеді. Яғни, мұның барлығы тек халық игілігі үшін жасалып жатқан игі бастамалар деп білемін.

Қадірменді жерлестер!

Жыл сайын дәстүрлі түрде тойланатын бұл мейрам әр азаматтың, әр отбасының сүйікті қаласына деген құрметін, ыстық ықыласын қалыптастыруда. Осы бір тамаша мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Талдықорғанымыз жасап, жайнай берсін!

Туған күнің құтты болсын, Талдықорған!

**Ернат БӘЗІЛ,**  
Талдықорған қаласының әкімі

*Құрметті қазыналы қариялар!*

«Қариясы бар ел, қазыналы ел» - демекші, асыл қазыналарымыз, сіздерді мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Үлкендерді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз.

Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп - өркендеуі, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуі өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағылымдарыңыздың біз үшін орны бөлек.

Аталарымыздың ақ батасын алып өскен, ақылымен жүрген ұрпақтың алар асуы биік, жолдары әрқашан ашық, болашақтары жарқын болады.

Сіздерді мерейлі мерекелеріңізбен құттықтап, денсаулық, мағыналы ғұмыр, өнегелі өмір, бақ-береке тілейміз.

Талдықорған қаласының әкімі  
Ернат БӘЗІЛ

Қалалық мәслихат төрағасы  
Темірболат АХАЖАН

**2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу кезеңінде сайлау учаскелерінің мекенжайлары мен нөмірлерін тексеру үшін Call-орталығы**



Талдықорған қаласы бойынша **8 (7282) 40-20-31, 8 (7282) 40-20-30** бірыңғай нөмірі бар Call-орталық іске қосылды, ол арқылы 2024 жылғы 6 қазанда өтетін республикалық референдумда дауыс беруге арналған сайлау учаскесінің мекенжайы мен нөмірін тексеруге болады.

Call-орталық дүйсенбі және жұма күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді, түскі үзіліс уақыты 13.00-ден 14.30-ға дейін.

**Call-центр для проверки адресов и номеров избирательных участков в период проведения республиканского референдума 6 октября 2024 года**

В городе Талдықорған запущен Call-центр с едиными номерами **8 (7282) 40-20-31, 8 (7282) 40-20-30**, посредством которого можно проверить адрес и номер избирательного участка для голосования на республиканском референдуме 6 октября 2024 года.

Время работы Call-центра с понедельника по пятницу с 9.00 до 18.30 часов, обеденный перерыв – с 13.00 до 14.30.



«Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз қалудың саға жолына түседі»

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті

## КӘСІБИ МЕРЕКЕ

### ЕҢБЕГІНЕН ЕЛ ТАНЫР

Қыркүйектің соңғы жексенбісінде елімізде Еңбек күні атап өтіледі. Бұл күн Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен еңбек өнімділігін ынталандыру, қарапайым жұмысшы мамандықтардың мәртебесін көтеру және оған жастардың назарын аудару, ерте жаста еңбектің маңыздылығын түсіндіру мақсатында бекітілді. Осы орайда еңбек құндылықтарын ілгерілету, жұмыскерлерді қолдау бағытында мерекелік жиын өтті.

Шараға салалық мемлекеттік органдардың басшылары, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өркендеуіне атсалысқан аға буын өкілдері мен ардагерлері қатысты. Облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев еңбектен бақытын тапқан жандарға облыс басшысының ризашылығын жеткізді.

«Халқымызда «Еңбек ырыстың қазығы», «Еңбектің көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Еңбек адамы қашанда құрметке лайық. Ең асыл қасиеті кәсібін сүйіп, ісіне адалдық таныту деп білеміз. Бүгінгі таңда Жетісу өңірінде еңбекке қабілетті азаматтар, жұмыс күші әр салада жемісті еңбек етуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Адал азамат, адал еңбек,

адал табыс» қағидатына сай келетін адал әрі табанды еңбек еткен азамат қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деп атап өткен болатын. Сонымен қатар экономиканың өсімін қамтамасыз етіп және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін кәсіптік білім беру саласына реформа қажеттілігін айрықша атай отырып, келесі жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Осы еңбек күні мерекесі қарсаңында Мемлекет басшысының өз кәсібін жетік меңгерген Еңбек адамына берген жоғары бағасы, құрметі деп және асқан үлкен сенім деп білеміз. Облысымызда ауыл шаруашылығын дамыту мен шағын және орта бизнесті қолдаудың ауқымды бағдарламалары іске асырылып отырады. Кәсіби мамандар даярлау саласында



сапалы міндеттер жүзеге асырылып, жоғарғы білім жүйесі жұмыс жасауда. Еңбеккерлерді әлеуметтік қорғаудың деңгейі көтеріліп, еңбек қатынастары туралы Заңдар реттеліп, кәсіподақтардың рөлі нығаяуда. «Адал еңбекпен мал іздемек, ол арлы адамның ісі» деп Абай атамыз айтқандай жастарға адал еңбек ету, адал азамат болу ұғымдарын кеңінен насихаттау жұмысшы мамандықтардың мәртебесін көтеру біздің басты міндетіміз», – деп атап өтті. Аталмыш мереке

аясында өндіріс және өзге де саланың тәжірибелі еңбек майталмандары, кәсіби мамандар, атап айтқанда, құрылыс, жол құрылысы, өндіріс, кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, мал шаруашылығын дамыту, ветеринария, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, ақпарат, спорт, әлеуметтік қорғау, зейнетақымен қамтамасыз ету, әлеуметтік қызмет көрсету, құқық қорғау, азаматтық қорғау саласы бойынша салтанатты түрде марапатталды.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

## ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

### ҚЫЗЫЛТАСТЫҢ ПЕТРОГЛИФТЕРІ МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАУЫНДА

Талдықорған қаласының инфрақұрылымдық нысандарын аралау аясында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев облыс орталығының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Қызылтас шатқалына қатысты жағдайға пікір білдірді. Өңір басшысының айтуынша, петроглифтер тұрған жерлерге диорит өндіруге мүлдем тыйым салынады. Енді Қызылтастың бірегей петроглифтері жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын тарихи-мәдени нысандар тізіміне енгізілді.



– Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында ел Президенті бай мәдени мұрамызды сақтау үшін бірегей тарихи нысандарымызды, атап айтқанда петроглифтерді бүліну мен вандализмнен қорғау керектігін атап өтті. Экологтармен, жұртшылықпен, құзырлы органдармен бірлесіп, «Тасбақа» тас пен жартастағы петроглифтерді сақтау үшін қажетті шараларды қабылдадық. Карьерді игеру заң аясында тоқтатылды. Тиісті сот шешімі бар. Яғни, бірлескен күш-жігердің арқасында бұл мәселенің де мәнісі табылады. Енді «Тасбақа» тасты бірінші кезекте жергілікті, одан кейін облыстық маңызы бар ерекше қорғалатын тарихи-мәдени нысандар тізіміне енгізу үшін жұмыс жасайтын боламыз. Алдағы уақытта біз қала тұрғындарының сүйіспеншілігіне бөленген бұл бірегей нысанды одан әрі дамытып, қалай сақтау керектігін жоспарлаймыз, – деді облыс әкімі Б. Исабаев.

Аймақ басшысы 3 қазанда Қызылтас жотасының бойында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында экоакция өтетін айтты. Сонымен қатар, барша қала тұрғындарына «Тасбақа» тасты сақтау үшін маңызды шараға қатысуға шақырды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

## ӨЗЕКТІ

### ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Жетісу облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, өңірде 2024-2025 жылдың жылыту маусымына әзірлік ерте көктемнен басталған. Бүгінде жылу-электр стансалары дағын, жылу желілері жөнделіп, тозғандары жаңасына ауыстырылды. Барлық жұмыс белгіленген мерзімге сай атқарылып келеді. Бұл жұмыстармен танысу мақсатында өңірдің ақпараттық коммуникациялар қызметі БАҚ өкілдерін шақырып, баспасөз туры ұйымдастырды.



Жалпы елімізде жылыту маусымы әлеуметтік инфрақұрылым үшін 1 қазанда, тұрғын үйлер үшін 15 қазанда басталатындығы белгілі. Бірақ әр өңір жылу беру мен тоқтатуды ауа райының өзгеруіне байланысты қолданады. Жекежайда тұратын тұрғындар осы бастан отындарын түсіріп, қысқа қамдануда. Қазіргі таңда, қатты отынның бағасы әзірге қалыпты. Алыс аудандарға облыс орталығынан тасымалданатындықтан біршама қымбатқа түсетіндігі де айтпаса да түсінікті. Сондықтан да Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарына жеткізу базасы жасалуда.

Ал 30 мыңнан аса тұрғыны бар Текелі қаласында 17 шақырымды құрайтын жылу жүйесі жобасы қолға алынған. «Алатау» шағын ауданында жұмыс қарқынды жүргізілуде. Бұл аймақта «Риголит» ЖШС жоба жетекшісі И.Сафоновтың айтуынша, объектіде 44 адам жұмыс жасауда. Бүгінде мұнда дәнекерлеу жұмыстары жалғасуда.

Текелі қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Жетпісбаев жылыту құбырларын ауыстыру, жөндеу жұмысы осыдан 2 жыл бұрын қолға алынғанын атап өтті. Жылу жүйесі «Текеліжылуэнерго» ЖШС қарасты. Тұрғындардың игілігі үшін шағын аудандардың жылу жүйелері ауыстырылып, қолданысқа беріліп жатыр.



Ескелді ауданы Шымыр ауылындағы «Алматы - Талдықорған» газ магистралы 265 шақырымды құрайтын объект қолданысқа 2017 жылы берілген. Бұл жердегі құрылыстар аумақтағы көгілдір газдың шығынын есептеуге бағытталған. Бірнеше арнайы қондырғылар орнатылған. Негізінен әр аумақта есептеу блоктары мен тораптары бар. Облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдос Бекетаевтың айтуынша, табиғи газдың қажеттілігін тиісті деңгейде ұстап тұрған «Талдықорған» газ шығынын есептеу станциясы. Бұл станция Талдықорған, Текелі қалаларымен қоса жақын маңдағы ауданды көгілдір отынмен қамтиды. Мұнда жаңғырту жұмыстары жүргізіліп тұрады.

«Қысқа шанаңды жаз сайла»-дегендей, Талдықорған қаласындағы «Талдықорғанжылу-сервис» КМК жылыту маусымына дайындық жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде жұмыс жасап келеді. Айтар болсақ, жылу беру маусымы тоқталысымен тозған жылу желілерін ауыстыру жүргізілді. «Басқуаттың» қыс мезгіліне әзірлік барысы ойдағыдай. Жылуға қажетті отын қоры 2 айға толықтырылды. Күнделікті отын қажеттілігі 200 тонна болса, күн суытқан кезде 800 тоннаға дейін артатын көрінеді.

Жалпы Талдықорғанда 113 шақырым жылу жүйелері бар. Бүгінде 800-ден аса көпқабатты тұрғын үй болса, оның 750-ге жуығы орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған.

120 адам жұмыс жасайтын кәсіпорынды газдандыру мәселесі кезең-кезеңмен 3 жылда іске асырылмақшы. «Басқуат» қазандығының басшысы Данияр Смағұловтың ойынша бұл жоба іске асса, экология жағынан да тиімді болады. Баршамазға белгілі, қалада жаңа құрылыс жұмыстары, тұрғын үйлер қолданысқа берілуде. Егер де нысанды газға ауыстырса, өнімділік жақсарар еді.

Қазіргі таңда аймақта қысқа дайындық жұмыстары уақтылы жасалуда. Жылу желілері жөнделіп, тозғандары жаңасына ауыстырылуда. Тұрғындар игілігі жолындағы істер қашанда өз уақытында жасалуы тиіс.

Данагүл МӘКЕН



## Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының қаладағы барлық мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың, өндірістік кәсіпорындардың, бизнестік құрылымдардың басшыларына және қала тұрғындарына «Қазан айын Қарт адамдарды әлеуметтік қолдау айлығы» деп жариялау жөніндегі

### ҮНДЕУІ

#### Құрметті талдықорғандықтар!

Халқымыздың «Қариясы бар елдің қазынасы бар» деген киелі сөзі бар. Еліміздің басына төнген ауыр қасіреттерді бастан өткеріп, сол қиын-қыстау күндері туған халқының қасынан табыла білген, бүгінгі жарқын өміріміздің қалыптасуына зор еңбек сіңірген біздің аға ұрпақ өкілдері қарияларымыз қоғамның дамуына белсене араласып, еліміздің іргетасын нығайтуға және жас ұрпақтың тәрбиесіне өз үлестерін қосып келеді.

Қарт адамдар жасы ұлғайған шағында өзіне деген ыстық ықыласқа, мейірімділік пен көмекке зәру. Талдықорған қаласында 26 мыңнан астам ардагерлердің басын біріктіретін қалалық ұйым бар. Ұйымда ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен құрылған 5 салалық орталық және шағын аудан-

дар мен ауылдық округтердегі ардагерлердің 6 бастауыш ардагерлер ұйымы, филиалдары бар.

Үстіміздегі жылы облыс әкімі Б.Ө.Исабаевтың қолдауымен облыс орталығында құрылған «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында» салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында белсенді түрде қатысып жүрген ардагерлеріміздің саны 500-ден асты. Бұл орталықта шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, бассейн, скандинавия жүрісі сияқты спорт түрлерімен қатар ән-би, қолөнер, тігіншілік, тіл үйрену сияқты үйірмелер тегін түрде толыққанды жүргізіліп жатыр.

Осы орталықтар мен филиалдар қала ардагерлерінің жағдайлары мен белсенділігін арттыру жолында түрлі іс-шаралар ұйымдастырып нәтижелі жұмыстар жүргізіп келеді.

#### Құрметті жерлестер!

Қарт адамдар үшін жақсы сөз, лайықты демалысқа шыққан ұйымдар тарапынан көңіл бөлу, олардың еңбегін қоғам болып мойындау, сыйластық қарым – қатынаста сенімділік, үлкен маңызға ие. Алдағы айлық барысында осы жағдайларға көңіл бөле түсуіміз керек.

2022 жылы Президентіміз Қ.К.Тоқаев өзінің Жолдауында 2025 жылға қарай зейнетақының жалпы мөлшері 27 пайызға өсетінін және әйелдердің зейнет жасы 2028 жылға 61 жасқа дейін төмендейтінін айтқан еді. Бұл егде адамдарға деген лайықты құрмет пен қамқорлық деп түсінеміз. Дегенмен қаламызда әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж зейнеткерлер бар. Халықаралық Қарттар күні қарсаңында Талдықорған қалалық ардагерлер

кеңесі қаламыздағы ұйымдардың басшыларына ардагерлерге көмек көрсетіп, осы атаулы күнді ерекше айлық мерекеге айналдыруға Үндеу жолдайды.

#### Құрметті жерлестер!

Қаладағы тиісті ұйымдармен, адамдармен байланыс жасап, көмекке зәру егде адамдарды анықтап, мүмкіндігімізше қаржылай, материалдық және қысқа дайындығы жағынан көмек көрсетіп, осы маңызды науқанға өз үлесімізді қосайық!

Келешекке алаңдайтын, елім дейтін парасатты әрбір азаматтың арқасында ертеңгі күніміздің жарқын болуына көзіміз жетеді.

Қала ардагерлерінің Үндеуі түсіністікпен қабылданады деген сенімдеміз.

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі

## ЗАҢ АЯСЫНДА АЗАМАТТАР ӨЗ ПІКІРІН БІЛДІРУГЕ ҚҰҚЫЛЫ

Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Конституциялық Заңының 7-бабында республикалық референдум қарсаңындағы үгіт жұмыстары бойынша келесідей айқындалған:

1. Республика азаматтарының, қоғамдық бірлестіктерінің референдумға қойылған мәселе (мәселелер) бойынша жиналыстарда, митингтерде, азаматтар жиынында, бұқаралық ақпарат құралдарында өз пікірін білдіру құқығына кепілдік беріледі.

2. Барлық баспа үгіт материалдарында осы материалдарды шығарған ұйымдар, оларды басып шығарған орын мен таралым, оларды шығаруға жауапты адамдар туралы мәліметтер болуға тиіс. Бұқпантай үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғысқа, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылыққа, сондай-ақ қатыгездік пен зомбылыққа табынуға үгіттеуге жол берілмейді.

4. Референдумның қарсаңындағы күн мен референдум өткізілетін күні үгіт жүргізуге тыйым салынады. Дауыс беретін жайлардан басқа жерлерде бұрын ілінген баспа үгіт материалдарының, плакаттардың бұрынғы орындарында сақталуы мүмкін.

Б. ОМАРАЛИН,

Талдықорған қалалық аумақтық референдум комиссиясының мүшесі

АЭС салу және пайдалану әртүрлі салаларда (құрылыс, машина жасау, энергетика, ғылым, білім беру) мыңдаған жоғары білікті жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.



## ЖОЛДАУҒА-ҚОЛДАУ ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫ ҮШІН АЙҚЫН МАҚСАТ



Тимур ЖАНТИКИН,  
«Қазақстан атом электр стансалары»

ЖШС бас директоры:

– Қазақстанда АЭС салу еліміздің индустриялық дамуы үшін қажетті айқын шешім болып табылады. Бұл сондай-ақ, барлық салаларға оң мультипликативті әсер етеді. Бейбіт ядролық технологияларға көшу экологиялық мәселелерде тұрақты дамуға ықпал етеді. Атом электр стансасын салу туралы шешім қабылданған

жағдайда, жаңа жұмыс орындары пайда болады. Осылайша, құрылыс 8 мыңға дейін адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. Ал стансаны пайдалану кезінде тікелей 2 мыңға дейін жаңа жұмыс орындары ашылады.

## ӨРКЕНИЕТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ШЕШІМ

Қаламқас ТҰРДЫҒҰЛОВА,  
Талдықорған қаласының тұрғыны, зейнеткер:

– Өркениетті елдердің қатарында болуымыз үшін биылғы жылы елімізде Атом стансасын салу туралы мәселе көтеріліп жатыр. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы орайда халыққа өз ойын білдіруге үлкен мүмкіндік беріп отыр. Себебі, елімізде болған түрлі ядролық сынақтарды халқымыз әлі ұмыта қойған жоқ.

Енді бейбіт атомның қаншалықты елімізге пайдасы барын толықтай түсінсін, ой елегінен өткізсін, 6 қазан күні өтетін референдумға қатысып, нақты пікірін ашық түрде білдірсін деген тұжырымға келіп отыр. Қазіргі таңда қоғам белсенділері халық арасына шығып, АЭС салудың Қазақстан үшін өте пайдасы зор екендігін түсіндіруде. Қазақстандық ядролық физика саласының мамандары да терең зерттелген сараптамаларымен бөлісіп, бейбіт атомның пайдасы туралы айтуда. Нақты зерделенген жұмыс өз нәтижесін берері сөзсіз. Энергияның баламалы түрін қолданбасақ ұрпағымыздың болашағы қалай болады? Көрші мемлекеттер бізге энергия көздерін бере ме, бермей ме? Бұл терең зерттеліп, қабылданатын мәселе деп ойлаймын. Атом саласындағы жақсы игіліктерді біздің еліміз де дұрыс бағытта қолдануы керек деген пікірдемін.



## ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА ЖОЛ АШАДЫ



Светлана ИСАЕВА,  
Қазақстанның Еңбек сіңірген ұстазы:

– Осы жылдың 2 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын халыққа арнады. Осы ҚР Парламенті Палаталарының бірлескен отырысына Жетісу облысының атынан делегация құрамында барып, қатысу бақыты бұйырды. Баршаға белгілі, бұл маңызды құжатта елдің дамуы, әлеуеті, экономикасы барынша нақты көрсетілген. Президенттің «Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты» – дегені бойымызға жігер берді. Президенттің әрбір сөзін, әр тапсырмасын өз аузынан есту ерекше ғанибет болды.

Президенттің: «Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Сондай-ақ, болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті маман даярлау керек», - деп ұстаздар алдына зор міндет жүктеді. Өрине, бұл бағыттағы нақты жұмыстар қолға алынып отыр. Қазірдің өзінде елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыстарын бастады. «Жайлы мектеп» салу да қарқынды қолға алынған. Делегат ретінде маған Жолдауда ұнағаны келер 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жарияланғаны болды. Қоғамда кез келген еңбек бағалануы тиіс. Бұл үлкен бір бастама екендігі сөзсіз. Ал, мұғалімдер қауымы білімді ұрпақ тәрбиелеуге үлес қоса береміз.

Инфақұрылымға қатысты өзекті мәселе көтерілді. Өлем елдерінде энергия тұтыну артуда. Сондықтан да елімізге сенімді, экологиялық таза қуат көздері аса қажет екендігі осы жиында айтылды. Ұстаз ретінде айтарым, көзқарасым – АЭС елімізге керек. Бұл энергетикалық сұранысқа ие сала. Қарап көрсек, дамыған елдердің бәрінде АЭС бар. Егер де осы атом энергетикасы өзімізде өндірілсе, басқа елдерге алақан жаймаймыз әрі өндірілген қуат бағасы қазіргіден арзан болары сөзсіз. Бұл стратегиялық жоспар халықпен ақылдаса отырып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасына сүйене отырып, осы жылғы 6 қазанда еліміз бойынша референдум өтеді. Референдум тақырыбы қоғам талқысына түскеніне бір жылдан асты. Сондықтан да, маңызды мәселеге бейжай қарамауымыз керек. Атом энергетикасы - ең тиімді қуат көзі десек, оның пайдасы қандай болады дегенді зерттеп отырған Алматыда физикалық ядролық институты ғалымдары өз тұжырымдарын айтуда. Бұл құрылыс салынар болса, ол бір-екі жылда бітпейді, 10-20 жылды құрамақ. Зиялы қауым өкілі ретінде Президенттің әр сөзін жіті тыңдап, оның маңыздылығына көзіміз жетті. Жолдауда айтылған әрбір тармақ ел мүддесі жолындағы аманат. Біздің жас ұрпағымызға көрсетіліп отырған даңғыл жол. Сондықтан да, АЭС салу – елімізді энергетикалық тәуелсіздікке жеткізеді. Ал бейбіт атом энергетикасы – бұл ұлттық экономикалық жоғары технология секторын құруға мүмкіндік береді. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған», – халқымыз бұл істе береке-бірлік танытады деген сенімдемін.





## ҚХР ШЭНЬСИ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ – ТАЛДЫҚОРҒАНДА

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл Қытай Халық Республикасы, Шэньси өлкесі, Юйлин қаласының, партком мүшесі, Біріккен майданмен жұмыс жөніндегі басқармасының басшысы Ван Хуашэн бастаған делегацияны қабылдады.



Кездесу барысында екі ел арасындағы ынтымақтастық пен өзара әріптестік қарым-қатынас жайы сөз болды. Атап айтқанда, тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін, соның ішінде «жасыл» энергетика, туристік және мәдени-гуманитарлық бағыттар саласындағы екіжақты байланыстарды дамыту, инвестиция көзін тарту мәселелерін талқылады.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы тауарларын өңдейтін жобаларды іске асыру және мәдени-гуманитарлық салада, білім мен ғылымда тәжірибе алмасу мәселелері қарастырылды.

Өз кезегінде қала басшысы Ернат Бәзіл мұны көптің көңілінен шығатын, халықтың кәдесіне жарайтын оңды іс ретінде бағалайтындығын жеткізді. Кәсіпорын болашақта елдің игілігіне қызмет істейтіндігіне сенім білдірді.

Айта кетейік, Шэньси өлкесінен келген делегаттар алдағы уақытта қаламызға ешкі жүнін өңдейтін кәсіпорынды ашуды жоспарлап отырғандықтарын айтты.

## ЖАҢА СПОРТ КЕШЕНІ – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту аса маңызды. Әсіресе, балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасау қажет. Мұның бәрі халықтың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді» - деп спорттық инфрақұрылымдарды дамытуға көңіл бөлуді талап еткен еді. Осы орайда қала күні мерекесі қарсаңында Өтенай ауылдық округінде «Temirlan Arena» спорт кешені қолданысқа берілді.



Спорт кешенінің ашылу салтанатына қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабаев қатысып, алаңда жаттығып жүрген балалар арасынан болашақта әлемдік деңгейдегі жұлдыздар өсіп шығуына тілектес екенін жеткізді. Ол «Спорттың қоғамда алар орны ерекше. Себебі, спорт – ұлт мерейі, денсаулық, рухтың күштілігі. Өңірімізде спорттың қарыштап дамуына бар жағдай жасалуда. Біздің басты мақсатымыз да сол салауатты өмір салтын насихаттап, денсаулығы мықты ұлт тәрбиелеу. Бұл ретте ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Жаңа кешеннің қолданысқа берілуі ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалана отырып, бұқаралық спортпен шұғылдануына оң серпіліс берері анық» - деп атап өтті.

Айта кетейік, заманауи үлгіде салынған спорт кешенінде спортшыларға барлық жағдай қарастырылған. Мұндай жабық үлгідегі спорт кешені Өтенай ауылында алғаш рет бой көтеріп отыр. Дәрібек Қыдыркешов, арена басшысы: «40 жылдан астам уақыт хирург болып қызмет еттім. Ғұмырымда «денсаулық – басты байлық» деген көзқарасты ұстанған азаматпын. Аренаны салу жұмыстарымен қос ұлым айналысты, мен бағыт-бағдар көрсетіп отырдым. Бұл нысан ең әуелі ел игілігі үшін. Осы жерден бірқатар әлем чемпиондары шығып, мерейімізді асырсын. Қуанышты күндер, жарқын жеңістер көп болсын!»

Назерке ӘДІЛБЕКОВА



## «BALA PARK» - БАЛАЛАР ИГІЛІГІНЕ

«Қала күніне» және әсем қаламыздың қала мәртебесін алғанына 80 жыл толуына орай, «Bala park» балаларға арналған ойын-сауық кешені салтанатты жағдайда ашылды.

Аталмыш шараға қала әкімінің орынбасары Рүстем Бершінбеков қатысып, Қала күніне орай берілген ойын-сауық орталығының ашылуымен құттықтап, орталық қызметкерлеріне сәттілік тіледі.

Жаңадан бой көтерген ойын-сауық орталығы балалардың уақытын қызықты да көңілді өткізуіне арналған батутты аймақ, лабиринттер, ойын комплекстері мен әткеншектер, сырғанақ, өрмелеуш сынды заманауи құрылыстарымен жабдық-

талған. Орталықта жайлы дәмхана аймағы да қызмет етеді. Отбасыңыздың айтулы мерекесін атап өту үшін қонақтарға арналған үлкен залы мен балаларға қызықты аниматорлары қарастырылған.

Жалпы айтқанда, таңғы 11:00-ден түнгі 23:00-ге дейін қызмет жасайтын орталыққа кіру құны жұмыс күндері бір балаға – 2500 теңге, демалыс күндері – 3500 теңгені құрайды. Ал көпбалалы отбасыларға – 30%, ерекше күтімді қажет ететін балаларға – 50% жеңілдік қарастырылған. Ол үшін өзіңізбен балаларыңыздың туу туралы куәлігі болуы қажеттігін орталық қызметкерлері атап өтті. Бүгінде бұл орталық 40 шақты тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

## АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Барша адамзат үшін бейбіт өміріміз, азаттығымыз бен жарқын болашағымыз үшін жауға қарсы сұрапыл соғыста жеңіске жеткен батырларымыздың көрсеткен ерен ерлігі үлгі. Еңсәлі елдіктің рухы өрлеп, жеңіс жалауы желбіреген күн ұмытылмақ емес. Ел басына күн туған уақытта тұтас елдің азаттығы үшін қасық қаны қалғанша күрескен бабалардың қажымас қайсарлығы, көзсіз қаһармандығы ұрпақ жадында мәңгі сақталары хақ.



Суретте Ысқақ Құсайынов

Аймағымызда соғыс және еңбек ардагерлерін әрбір мереке қарсаңында үйлеріне барып марапаттаудың дәстүрге енгізілгеніне біршама уақыт болды. Игі дәстүр қала күні мерекесі қарсаңында да өз жалғасын тапты. Қала әкімі Ернат Бәзіл Ұлы Отан соғысы ардагерлері Ысқақ Құсайынов, Төлеубай Шектібаев пен Қаңтарбай Сәрсенбайдың отбасында болып, құрмет көрсетті. Ернат Дүйсенбекұлы: «Біз әрқашан ұрпаққа ашық аспан, алаңсыз өмір сыйлаған ержүрек майдангерлерді еске алып, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне құрмет көрсетіп, ерліктеріне тағзым етеміз. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз өркенді болуы үшін біз бабалар салған бейбітсүйгіш қасиетті еселеп, елдік жолын бағдар етіп, жаңа заманға, жарқын болашаққа береке-бірлікпен қадам жасауымыз керек. Бұл Отанымыз үшін кеудесін оққа төсеп, бейбіт өмір сыйлаған, қайтпас қайсарлықтың үлгісін көрсеткен өздеріңізге деген талдықорғандықтардың құрметі. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін»-деді. Ардагер қариялар бүгінгі ұрпаққа жайлы заман, ынтымақ пен береке тілеп, баталарын беріп, ардагерлерге қамқорлық танытқан мемлекет, облыс, қала басшыларына алғыстарын айтты.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

## АНАЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Талдықорғанда қала күніне орай қала әкімі Ернат Бәзіл көпбалалы аналарға салтанатты түрде Алтын және Күміс алқа мемлекеттік наградаларын табыс етті.



Қала әкімдігінің мәжіліс залында өткен салтанатты шарада аймақ басшысы 15 анаға алқаларын тағып, аналарға ақжарма тілегін білдірді. «Қоғамда отбасы құндылықтары маңызды рөл атқарады. Отбасында тағылымды-тәлім тәрбие алып өскен бала болашақта мемлекеттің дамуына өз үлесін қосары сөзсіз. Сол мемлекеттің болашағын тәрбиелеп, өсіріп отырған сіздер, аяулы аналар. Шаңырақтарыңызға бақ-береке тілеймін. Өсіріп отырған ұл-қыздарыңыз үкілеген үміттеріңізді ақтасын,-деді Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл.

Айта кетейік, бүгінде Талдықорғанда 200 мыңнан аса халық тұрса, оның 6 мыңнан астамы көпбалалы аналар.

## ТҮНГІ ВЕЛОШЕРУ

Облыс орталығы Талдықорғанда қала әкімдігінің қолдауымен және қала әкімі Ернат Бәзілдің қатысуымен «Қала күніне» және әсем қаламыздың қала мәртебесін алғанына 80 жыл толуына орай түнгі велошеру өтті.

Қадырғали Жалаири даңғылынан бастау алған кешкі велошеру орталық алаңда түйінделіп, жалпы 7 шақырымды құрады. Оған 200-ге жуық адам қатысты. Атап айтқанда, кәсіби велосипедшілер, мемлекеттік қызметкерлер және қала тұрғындары да белсенділік танытты.

Дәстүрге айналған түнгі велошеруге «Bketeam\_tdk», «Velopark.tdk», «Velofriends», «Velotrvetekeli», «Biketeamgroup» және «Womencenter\_taldyk» велосипедшілер қауымдастығының өкілдері белсенділік танытып, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

Бұдан бөлек, шеруге қатысушылар арасында лоторея ойындары ойнатылып, бағалы сыйлықтар тарту етілді. Шара соңы Талдықорған қаласының өнерпаздарының ретро әндерінің концертімен жалғасты. Айта кетейік, мұндай велошеру қаламызда 5 мәрте ұйымдастырылды.





## ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Талдықорған қаласының облыс орталығы мәртебесін алғанына 80 жыл толуымен тұспа-тұс келген шақта өз мейрамын атап өтіп жатқан қала тұрғындары да баршылық. Ендеше, Қала күні қарсаңында өзінің 80 жылдық мерейлі туған күнін атап өткен Әбілдаева Шара Бөркеқызымен әңгімелесудің сәті түскен еді. Әлімсақтан әжелеріміз – тәлім мен тәрбиенің тұма бастауы бола білген. Олар қай кезде де ағайын-тұманың, елдің береке-бірлігін сақтап, әулеттегі жас буынға ақылшысы атанған. Сондықтан ақ жаулықты апалардың айтар ақылы да, берер тәлімі де мол.

– Мен 1944 жылы тамыздың 13-ші жұлдызында Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Таутүрген ауылында дүниеге келдім. 1951 жылы ауылдағы 4 жылдық бастауыш мектепті аяқтап, Қаракемер ауылынан 10 жылдық мектепті 1961 жылы ойдағыдай аяқтап шықтым. Сол кездерде үкімет қаулысы бойынша жоғары оқу орындарына түсу үшін міндетті түрде 2 жыл өндірісте жұмыс жасау керек. Содан туған ауылда қалып, осы жердегі 8 жылдық мектепке барып, неміс тілінен сабақ бердім. Өйткені неміс тілін өте жақсы меңгерген едім. Еңбек ете жүріп, мектептегі және ауылдағы жастарды топтастырып, мәдени іс-шараларға белсенді қатысып, ел алғысына бөлендім, – дейді Шара апа.

Қайсар да батыл қадамнан қорықпайтын Шара Бөркеқызы көркемөнерпаздар ұйымын құрып, осы ауылда жұмыс жасайтын Рауза әпкесі екеуі мектепте, мәдениет үйінде ойын-сауық кешін, сахналық көріністер ұйымдастырып, көптеген аудандық, облыстық конкурстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленеді. Жалпы айтқанда, әкесі Әбілда мен анасы Злишадан 7 қыз бен бір ұл тарайды. Шәлипа, Әлипа, Алтын, Бақыт, Рауза, Шара, Светлана, Гүлнәр. Кезінде бұл отбасы туралы деректі фильм түсіріліп, «Советский Союз» журналында мақала жарық көреді.

4 жасынан ел алдына шығып, би билеп, ән салады екен. Әкесінің айтуынша, Шара қоюында үлкен мән жатыр. Әкесі ел басқарып, сол кездегі колхоз-совхоздың басшылығында болған кісі. Соғысқа өз қаражатынан 100 мың сом жібереді, артына бас қолбасшы Сталиннен алғыс айтқан телеграмма алады. Сол уақыттарда өнерпаздар ел аралайды, өнер көрсетеді. Шара Жиенқұлованың атағы шарықтап тұрған кез болатын. Ауылға бір топ өнерпаздар келіп, концерт береді. Сондай сәттерде колхоз басқармасының үйінде дүние есігін ашқан сәбегі «Шара» есімі беріліп, өнерпаз болып өссін деген ниетте ырымдаған көрінеді. Алайда отбасындағы

## АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА, КЕМЕҢГЕР ӘЖЕ



**Шара БӨРКЕҚЫЗЫ, «Талдықорған қаласының құрметті азаматы»:**  
– Талдықорған қаласының өсіп-өркендеуі, дамуы көз алдымызда. Облыс орталығы атағын алғанына 80 жыл толып, Қала күнін атап өтіп жатыр екен. Құтты болсын! Еліміз аман, әр күніміз шуаққа толсын. Берекелі де, тыныш өмір болсын. Талды қаламыз гүлдене берсін!



балалардың бәрі шетінен өнерлі болса дағы өнер ордаларында оқуларына әкелері рұқсат бермеді. Ол кезде солай ғой. Мұғалім боласың деп шарт қояды. Шара да 1963 жылы еліміздегі маңдайалды оқу орны – ҚазМУ-ға оқуға тапсырады. Емтихандардан сүрінбей өтіп, филология факультетінің орыс бөліміне қабылданады. Ол кезде бұл бөлімді Роман Герман басқаратын. Содан 1969 жылы оқу орнын тәмамдаған жас маманды жолдамамен Талдықорған пединститутына жібереді. Содан бұл жақта Асан ағамен танысып, отбасылы болады. Абай мен Абылай атты ұлдары дүниеге келеді. Бүгінде ұлдары ержетіп, олардан 4 немере мен 1 шөбере тарап отыр. Өмірдің ағы мен қарасы қатар жүреді. Өңіріміз үшін, ел игілігі жолында қызмет жасаған Асан Исаев осыдан бірер жыл бұрын дүниеден өтті. Қайтқанына биыл 5 жылдай болыпты.

Шара Әбілдаева Талдықорғандағы еңбек жолында институттан кейін, Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық

кітапханда, қалалық, облыстық АХАЖ бөлімдерінде басшылық қызмет атқарады. Алғашқы Наурыз тойы атап өтілгенде халықпен бірге қуанды. Ана тіліміз, салт-дәстүріміз ортамызға оралды. Орталық алаңға ақшаңқан қазақ үйлер тігіліп, наурызкөжеден көпшілік ауыз тиіп, мөресіре болушы еді. «Ал біз Алтын апам құрған «Ардагер әжелер» ансамблі қазақтың әсем өндерін шырқайтынбыз. Жүруге талпынып жүрген сәбилердің тұсауын кесіп, ақ бата беретінбіз. Әлі күнге дейін ырымдап балаларының тұсауын кесуге өтініш білдіретіндер жетерлік. Сол кездегі халықтың қуанышы, ынтымағында шек болмады. Орталық алаңда өтетін шараларға халық сыймайтын. Сондай белсенді еді.

Әжелер ансамблінің белсенді мүшесі ретінде жас ұрпаққа саналы тәрбие беру мақсатында салт-дәстүрімізді уағыздап, қаладағы мектеп, оқу орындары, музей, облыстық Ассамблея шараларына қатысып жүрмін. Жақында ашылған волейбол кешенінің ашылуында шашу ша-

шып, қуанышты бөлісіп қайттым», – деп қояды кейіпкер.

1991 жылы Алтын Бүркееваның бастамасымен зейнет жасындағы 5 әжеден құралған ансамбль құрылған болатын. Кейіннен әнші апалар саны 35-ке жетті. Облысымызда өтетін шаралар апалар қатысуынсыз өтпейтін. Олар жеке концертпен халықты аралап қайтатын. Сондай концерттердің бірінде Шара апамыз Қыз Жібек ариясын тамаша орындап шығады. Содан келесі биге дайындық жасап жатқан шақта сахнаға бір қарт адам көтеріліп, «әлгі Қыз Жібек қайда» деп іздеп келіп, батасын береді. Бұл Ескелді ауданына барған сапар болатын.

Шара Бөркеқызы қалалық хал акттері тіркеу мекемесінде бес жыл, облыста 10 жыл қызмет атқарады. «Сол кезде жұптардың қосылғанына 10 жыл, 25 жыл, 35 жыл, 40 жыл, 50 жылдық дегенді атап өтеміз. Жұптардың некелері қиярда «Той жыры», қазақ өңдері шырқалып, қазақша рәсім жасалатын еді. Ал өзге ұлыс өкілдеріне сұранысқа қарай өндер қойылатын.

Оның үстіне перзентханаға барып туған сәбилерге туу туралы куәлік береміз. Балаларға сол заманға қарап, МАКС, МЭЛС, Совет деген атауды беру етек алды. Бұл үрдістің алдын алуға да атсалыстық», – дейді.

Шара апа өте ширақ та, белсенді. Еліміз бойынша өткен «Супер әже» тележобасына қатысып, ақтық сынға дейін 3 адам барған едік деп еске алды. 3 айдан аса уақыт бойына әр аймақтың апалары барып, түрлі сында бақ сынасады, Машина жүргізіп, спорттық сында да мүдірмеді.

Алматыға барған сапарында театрларға барып, опера тыңдап жүреді. Жастар тәрбиесіне үнемі атсалысып, орысша сөйлейтін немесе отырған жерлеріне қоқыс тастап кететіндерге қынжылыс білдіріп, көріп қалса, ақылын айту – бойындағы жанашырлық жақсы қасиеті болса керек. Ұзақ жылғы еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Өңірінде «Мәдениет саласының үздігі», «Тәуелсіздікке 30 жыл», «Талдықорған қаласының құрметті азаматы» төсбелгілері жарқырайды. Көптеген Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттың иегері. Сондай-ақ, «Абыз Ақсу, аңыз Ақсу, нағыз Ақсу» жинағына және «Тарихы терең Талдықорған» альбом кітабына, газет-журналдарға Шара Бөркеқызы туралы тағылымды мақалалар жарияланған. Жүзінен мейірім шуағы төгіліп тұратын апа ақылын жас балалар да еш ренжімей, құп алып жатады. Әжелер өнегесі – ұрпақтан ұрпаққа ұласып, ғасырдан ғасырға жалғасатын тәрбиенің таусылмас қайнар көзі. Бұл – ұлттық болмысымызға тән қасиет әрі құндылық.

**Дана МӘКЕН**

## МЕЙІРІМ, ҚОЛДАУ МЕН ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ



Шара барысында концертпен қоса спорттық ойындар ойналды. Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығында шараны Талдықорған қаласының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұйымдастырды.

Мейірімге толы шара шымылдығын ашқан қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков мерекелік іс-шараға қатысушыларға жылы лебізін білдірді.

Өмірінде небір қилы кезеңді бастан өткізіп, тағдыр-тауқыметі соқпақ, қиын жағдайда қалған жандарға қуаныш, мейірім сыйлау мақсатында

Талдықорғанда Қала күніне орай «Мейірім, қолдау және қуаныш сыйлау» атты концерт ұйымдастырылды. Уақытша бейімдеу орталығында өткен шара қиын жағдайға тап болған жандардың көңілін бір сәтке болса да аулап, әсем әнмен көңілдерін көтеріп тастады.

ұйымдастырылған шарада «Талдықорған әуендері» халықтық фольклорлық этнографиялық ән-би ансамблінің мерекелік концертін тамашалап, спорттық ойындар ұйымдастырылды.

Әжелер ансамблі қолдан жасаған бұйымдарын шараға қатысушыларға сыйға тартты. Сонымен қатар, шара соңында мерекелік дастархан жайылды. Айта кетейік, қиын жағдайда қалған, қамқорлықсыз жүрген адамдарды сыртқа тастамай қамқорлығына алып, қолдау білдіріп, күтім жасайтын орталық 150 адамға арналған. Бүгінде бұл орталықта 70-тен астам қиын жағдайда қалған жандар мекен етуде.

## ШЕБЕРЛЕР КӨРМЕСІ

Қала күні қарсаңында «Арбат» гемалыс орнында Еңбек және мүгедектігі бар тұлғалар күніне арналған жалпыхалалық бос орындар жәрмеңкесі мен қолөнер шеберлерінің көрмесі өтті.



Көрме кешеніне 10-ға жуық қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар, мүгедектігі бар азаматтар қатысты. Олар өз қолдарынан шыққан 300-ге жуық бұйымдарын қала тұрғындарына ұсынып, сатылымға шығарды.

Сондай-ақ, жәрмеңкеге 13 мекеме қатысып, 100-ге жуық жұмыс орны және «Мансап» орталық атынан тұрақты және уақытша 250 жұмыс орны ұсынылды.





## БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ

## АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ОРТАЛЫҒЫ

Бүгінде елімізде табиғи өнімге деген сұраныс өте жоғары. Мемлекет басшысының қолдауымен Талдықорған қаласында жаңа бағыттағы мың жобаларды жүзеге асырып жатқандар жетерлік, солардың бірі - «Асыл» тұқым орталығы ЖШС. Шаруашылық басшысы Мұхтар Ерденұлының айтуынша, қазіргі күні ірі қара тұқымын асылдандырудан бөлек, сүт бағытындағы жұмыстарын да жандандырып отыр.



Атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу мақсатында қала әкімі Ернат Бәзіл арнайы барып, орталықтың істеріне табыс тіледі.

Етті бағытта жұмыс істеп отырған шаруа қожалығы бүгінде 15 адамды жұмыспен қамтып, алдағы уақытта сүт бағытында ісін іргелетуді жоспарлап отыр. Оған дәлел, қазіргі таңда қожалықта 140-қа жуық асыл тұқымды «Алатау» ірі қаралары болса, соның 80 басы сауында.

«Бұл шаруа қожалығының тарихы терең. Әкем Бекен Ерденұлы сонау кеңестік дәуірдің өзінде ірі қараны асылдандыру бағытында ғалымдармен тынымсыз еңбек етіп, оң нәтижеге жетіп «Ақ бас», «Алатау» және «Әулікөл» тұқымының сақталуына өзіндік үлесін қосты. Әрине ол жұмыстарды одан әрі дамытуға атсалысамын. Сонымен қатар, ойымда сүт бағытында жұмыс істеп, одан әрі ұлғайтуды жоспарлап отырмын», - деді Мұхтар Ерденұлы.

Бүгінде шаруа қожалығы 80 зеңгі баба төлінен 700 литр сүт жинап, қаламызда сүт өнімдерін өңдеумен айналысатын ең ірі «JLC» зауытына тапсырып, халықты сапалы сүт өнімдерімен қамтып отыр. Алдағы уақытта, Мұхтар Ерденұлы асыл тұқымды қазактың «Ақ басы» аталынып кеткен ірі қара тұқымын Жетісу жерінде жерсіндіріп, төл басын арттыруды жоспарлауда.

## КӘСІП

## ІРІМШІК ЖАСАУ ӨНЕРІ

Талдықорған қаласының тұрғыны көпбалалы ана Жанар Тұрғанбаева өз қолымен жасалған өнімдерімен танымал. Ол ірімшік өндірумен айналысады және өз өнімдерін «Бір ауыл - бір өнім» жәрмеңке - көрмесіне ұсынды.

Кәсіпкер өз өнімдерін алғашқы рет осыдан үш жыл бұрын қолға алған. Жанар кеңес алу және қолдау алу мақсатында «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына жүгінді. «Жетісу-баракат» ЖК ашып, сүт өнімдерін сәтті өндіруде. Кәсіпкерлер палатасының қолдауымен Жанар 200 АЕК көлемінде грантқа ие болды. Қаражатқа жабдықтарды сатып алды, оның ішінде қышқылдықты анықтау үшін қажетті - PH – метр жабдығы бар.

Ірімшіктерді дайындау үшін қоспалар мен консерванттарсыз жергілікті шикізат, тек жоғары сапалы толық фермерлердің сүті қолданады. Әрбір ірімшік мұқият бақыланатын жағдайларда сақталады, бұл оның ерекше дәмі мен хош иісін ашуға мүмкіндік береді. Ірімшік зауыты табиғи сүттің барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, нағыз гастрономиялық ләззатқа айналатын ірімшіктерді ұсынады.

Кәсіпкер жәрмеңкеге қатысқанға дейін ірімшіктерді тек туыстары мен достары үшін дайындағанын айтты, бірақ жәрмеңкеде оның тауарлары жақсы сұранысқа ие болды. Енді Жанар өз өнімдерін сауда нүктелері арқылы сатуды ойластырып отыр. Оның өнімдерінің асортиментінде ірімшіктердің түрлері - моцарелла, буррата, халлуми, кілегей, пробиотикалық айран, құрт, сүзбе, жартылай қатты және қатты түрлері бар.

«Көктемде мен кеңес алу үшін кәсіпкерлер палатасына жүгіндім. «Бір ауыл - бір өнім» жобасына қатысып, жартылай финалға шықтым. Бұл менің ірімшік жасаудағы, өз бизнесімді дамытудағы алғашқы үлкен қадамым болды. Содан бері менің өнімдерім тапсырыс көбейді. «Атамекен» маған барлық жағынан үлкен қолдау көрсетіп келеді», - дейді Жанар Тұрғанбаева.

Кәсіпкердің алдағы жоспарларында өндірісті кеңейту, цех сатып алу, сондай-ақ жергілікті дүкендер мен супермаркеттер арқылы өнімді сатуға шығару жоспарланады.

Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының директоры Дәурен Оңалбаев атап өткендей, Жетісу өңірінде әйелдер түрлі салаларда еңбек етеді, белсенді бизнес жүргізеді. Экономиканың дамуына үлес қосады. Палата жергілікті бизнес субъектілеріне қолдау көрсетуді жалғастыруда.

Д. ӨНУАРБЕКҚЫЗЫ

## АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

## ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ЖИНАУ НАУҚАНЫ ҚАРҚЫНДЫ

Қала әкімі Ернат Бәзіл қала іргесіндегі «Сәмен» ЖШС-нің және «Несипбаев» шаруа қожалығының қант қызылшасын жинау науқанын көріп, жұмыс барысымен танысып, дала еңбеккерлерімен кездесті.



Биылғы жылы Талдықорған қаласы бойынша 8 шаруа қожалығы 150 гектар жерге қант қызылшасын егіп, одан 6 мың тоннадан астам өнім жинау жоспарлануда.

Алқап басында жүрген диқандар жаз бойы күтіп-баптап өсірген тәтті түбірден мол өнім алуды көздеп отыр. Қазіргі күні алқап басында жұмыс қыза түскен. Шаруаның сөзінше биылғы жылы жиналған өнім өткен жылға қарағанда жақсы болып жатыр, - дейді. Енді

жиналған өнімдерін Көксу қант зауытына өткізбек.

Қант өнеркәсібін дамытуға ерекше көңіл бөлген «Несипбаев» және «Сәмен» шаруа қожалықтары келер жылы бірлесіп, егіс көлемін қосымша 40 гектарға ұлғайтып, 70 гектар тәтті түбір егуді жоспарлап отырғанын жеткізді. Айта кетейік, ендігі кезекте 2000 га болатын майлы дақылдар және 580 га болатын жүгеріні жинау науқаны басталмақ.

## ЕЛ ҚАМЫ

## АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ҚАЛАЙ ТҰРАҚТАЛУДА?

Жетісу облысында бағаны тұрақтандыру үшін тауар өндірушілермен 21 мың тоннадан астам 19 түрлі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бойынша келісімшарттар жасалды.

«Жетісу» ӘКК департаментінің директоры Бақтияр Сембековтың айтуынша, өңірде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

«Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру шеңберінде тұрақтандыру қорын қалыптастыру және кәсіпкерлік субъектілеріне «айналым схемасы» бойынша жеңілдікпен несие беру жұмыстары жүргізілуде. Осы тетіктерді іске асыруға соңғы 2 жылда 9,2 млрд. қаржы қарастырылды. Тауар өндірушімен 22,1 мың тонна сомаға 19 түрлі СҰҚТ түрі бойынша келісімшарттар жасалды. Оның ішінде 263 мың бөлше әлеуметтік нан, 452 тонна бірінші сұрыпты ұн, 15 мың тоннадан астам қант, 668 тонна күріш, 19 тонна макарон өнімдері, 568 мың литр күнбағыс майы, 62 тонна қарақұмық, 4 тонна ас тұзы, 3 тонна тауық еті, 4,4 млн. дана. 1 санатты жұмыртқа, 150 тонна сивер еті, 233 тонна сүт өнімдері және 4654 тонна көкөніс өнімдері бар, - деді Б. Сембеков.

Көрсетілген мерзімде кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдетілген несие беруге 8 млрд. теңге бөлінді. Бұл «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» өңірлік даму институты» акционерлік қоғамы фермерлерден азық-түлік өнімдерін кейіннен нарық бағасынан төмен бағамен сату үшін белгіленген бағамен келісімшарт жасауға мүмкіндік берді.

«Биыл 32 гектар жерге картоп ектім. 130 тонна өзінің келісін 120 теңгеден сатамын. Өйткені, көктемде «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» өңірлік даму инсти-

туты» акционерлік қоғамынан 0,01 пайызбен несие алдым. Бұл өте қолайлы болды. Себебі пайыздық мөлшерлемесі аз. Сондықтан бір айдың ішінде бүкіл несиеңі жабуды жоспарлап отырмын, - дейді Көксу ауданындағы шаруа қожалығының жетекшісі Қызат Әбиров.

Көкөніс өсірумен айналысатын шаруа қожалығының басшысы төрт жылдан бері әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен қоян - қолтық жұмыс жасап келеді. Оның айтуынша, шаруашылық 10 гектардан 400-500 тонна сәбіз алады.

Жалпы, келісімшартқа отырған кәсіпорындардың ішінде Ақсу қант зауыты, жұмыртқа құс фабрикалары, сүт зауыты, наубайхана, бірқатар шаруа қожалығы мен мал бордақылау аландары бар. Маусымдық көкөністер қараша-сәуір айларында сатыла бастайды. Бұл жұмыс әлеуметтік дүкендер мен сауда нүктелері арқылы жүзеге асады.

Айта кету керек, осы кезеңде Жетісу өңірінде 5 әлеуметтік дүкен жұмыс істейді. «Жерұйық» коммуналдық базары мен «Көкбазар» сауда үйінде әлеуметтік сауда нүктелері халыққа қызмет көрсетуде.

Бұл сауда орындарында сатылатын тауарлардың бағасы нарық бағасынан орта есеппен 10-15 пайызға төмен. Мысалы, бүгінде дүкен сөрелерінде 1-санаттағы жұмыртқаның құны - 460 теңгеден, күнбағыс майының 1 литрі - 510 теңге болса, күріштің келісі - 340 теңге, 1-сортты бидай ұнының келісі - 180 теңге ал ас тұзы - 60 теңгеден аспайды. Картоп - 190, пияз - 110, сәбіз - 160 теңгеден бағалануда.

## «Жетісу» ӘКК» ӨДИ» АҚ әлеуметтік дүкендері мен сауда нүктелерінің ТІЗІМІ

№	Атауы	Мекенжайы	Жұмыс кестесі
1.	№1 Әлеуметтік дүкен	Талдықорған қ., Еркін а., Бесшатыр көшесі, 75	сөйсенбі-сөнбі 09:00-ден 18:00-ге дейін жексенбі, дүйсенбі – демалыс
2.	№2 Әлеуметтік дүкен	Талдықорған қ., Еркін а.о., «Көктал» ш/а (Бугор), Амангелді көшесі, 47А	сөйсенбі-сөнбі 09:00-ден 18:00-ге дейін жексенбі, дүйсенбі – демалыс
3.	«Жарық» әлеуметтік дүкені	Талдықорған қ., «Самал» ш/а, 43-үй	демалыс жоқ 08:00-ден 23:00-ге дейін
4.	«Talmart» әлеуметтік дүкені	Талдықорған қ., «Қаратал» ш/а, 7	демалыс жоқ 09:00-ден 23:00-ге дейін
5.	«Talmart» әлеуметтік дүкені	Талдықорған қ., Тәуелсіздік көшесі, 116	демалыс жоқ 09:00-ден 23:00-ге дейін
6.	«Көкбазар» сауда орталығындағы әлеуметтік нүкте	Талдықорған қ., Біржан сал көшесі, Гаухар ана көшесінің қиылысы	демалыс жоқ 09:00-ден 18:00-ге дейін
7.	«Коммуналдық базардағы» сауда нүктесі	Талдықорған қ., Алдабергенов көшесі мен Рақышев көшесінің қиылысы	сөйсенбі-сөнбі 10:00-ден 17:00-ге дейін жексенбі, дүйсенбі – демалыс

«Жетісу» ӘКК» ӨДИ» АҚ

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



## ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

«Мемлекеттік тілді меңгеруге білсенді білім стратегияларын тиімді қолданудың инновациялық аспектілері» деген тақырыпта Тіл сарайында семинар өтті.



Заманауи талапқа сай мемлекеттік тілді меңгерудегі жаңа бағыт бойынша ғылыми ізденістер мен қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің инновациялық және әдістемелік негізде тәжірибе алмасу мақсатында өткен басқосуды «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының Ескелді аудандық филиалының меңгерушісі Әйгерім Молдабаева ұйымдастырды. Семинарға Ескелді ауданына қарасты барлық мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері қатысты.

Облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының басшысы Жеңіс Жолдыбаев ана тілі жайлы ой қозғап, әлеуметтік желідегі әріптес қатеге, немкеттілік пен сауатсыздыққа кеңінен тоқталды.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Мұратбек Иманғазинов «Білім мен ғылым интеграциясы және еуропалық білім кеңістігі» тақырыбында дәріс оқыды. Ғалымның айтуынша, интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда білім беру ұйымдарындағы білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты көтеріп, жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана білу қажет.

«Тілдік тұлға моделі» бойынша баяндама жасаған І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Сайлау Қожағұлов тұлға қалыптастыру жолында ең бірінші ана тілін қастерлейтін, құрметтеп-қадірлейтін маман тәрбиелеуде ұстазға жауапкершілік жүгі көп артылатынын атап өтті. Ал облыстық «Jetisy» газетінің тілшісі Еңлік Бауыржанқызы «Мемлекеттік тілдің БАҚ-тағы көрінісі» тақырыбында ұстаздармен пікір алмасып, БАҚ арқылы қазақ тілінің мәртебесін асқақтату қажеттігін жеткізді.

Семинардың екінші бөлімінде Көксу аудандық филиалының меңгерушісі Олжас Қойшыбеков «Тілді оқытуға арналған платформалар» тақырыбында шеберлік сағат өткізіп, ұстаздарға қажетті бірнеше платформа ұсынды. Филиал меңгерушісі, PhD докторанты Әйгерім Болатбекқызы «Мемлекеттік тілдің функционалдық дамуы» атты баяндама оқып, семинарға қатысушылармен кері байланыс орнатып, пікір алмасты.

Семинар соңында облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының басшысы Жеңіс Жолдыбаев ұстаздарға семинар жұмысына қатысқандарын растайтын арнайы сертификат табыстады.

Өз тілшіміз

## ТАЛДЫҚОРҒАННЫҢ «ТІЛ ШЕБЕРІ» АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, Талдықорған қаласының 80 жылдығына орай «Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ және «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ бірлесіп ұйымдастыруымен «Тіл шебері - 2024» қалалық байқауы өтті. Талдықорған жоғары медициналық колледжінің директоры Жансәуір Серік Максұмұлы қатысушыларға сәттілік тіледі. Ал, колледжінің білімгерлері «Шашу» биін билеп, қонақтарға шашу шашылды. «Емгеу ісі» 206, «Стоматология» 101, 201 топтарының білімгерлерінің орындауындағы «Қазақтың баласы» әні көрерменнің рухын оятып, құлақтың құрышын қандырды.



Тіл мәдениетін көтеру, үштілділікті насихаттау мақсатында ұйымдастырылған байқауға 16-22 жас аралығындағы колледждердің студенттері қатысты. Өнертаным, Ойтаным, Елтаным бағыттарын қамтыған сайыста жастар қазақ елінің тарихы мен ұлы тұлғалары, тәуелсіз еліміздің жетістіктері, Талдықорған қаласының дамуы жөніндегі сұрақтарға жауапты қазақша, орысша, ағылшынша қайтарды.

Байқаудың 9 үміткері өз білімдерін ортаға салды. Байқаудың аты байқау. Жеңіс бар жерде, жеңіліс болады. Қара қылды қақ жарған әділқазы мүшелері байқау жеңімпаздарын анықтады.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу универ-

ситетінің «ZHANSUGUROV COLLEGE» білімгері Амина Базархановаға жүлделі І орын беріліп, жеңімпаз атанды. Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің білімгері Мансұр Айдынұлы мен Талдықорған заң колледжінің білімгері Бақдәулет Абдикалыков ІІ орынға лайық деп табылды. Ал, «Авиценна» медициналық колледжі білімгері Ернар Арғын және Талдықорған қаласының инновация колледжінің білімгері Гүлзат Сәкен жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Данагүл МӘКЕН

## БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВҚА – 100 ЖЫЛ ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНІҢ АЛЫБЫ

Қазақ әдебиеті әлемінің алыбы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың туғанына - 100 жыл. Ғасырға толған жазушының тоғыз ұлы ғаламызды гүбірге бөлеуге. Жазушының туған ауылы Нарынқолда еңселі ескерткіші бой көтергді. Жазушының тарихи күрделі емес, бірақ қазақ ауылының өмірі мен тіршілігінің көлемді бейнесі суреттелген «Он алты жасар чемпион», «Бақыт жолы», «Өзім туралы» повестері тек жасөспірімдердің ғана емес, сондай-ақ ересек қазақ оқырмандардың да жүрегінен орын тапты.

Бұл таңқаларлық жайт емес. Өйткені, жазушының кітаптарында тәрбиелік мәні бар көсем сөздер мен тентек және күлкілі кейіпкерлер өмір сүреді. Ал кітапты оқығанда олардың жетістіктеріне қуанбау, қиындықтарына көңіл бөлмеу, оларды сүймеу мүмкін емес. Жазушы өз кейіпкерлерін ежелгі фольклорлық кейіпкерлердің ерекшеліктерімен бейнелегендіктен, оқырмандар оның шығармаларын таңданып, беріліп оқиды.

Балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» атты повестің арқасында танымал болды. Бұл туынды «Детская литература» баспасында шығып, содан кейін орыс тілінен көптеген тілдерге аударылып, Франция, Польша, Чехословакия, Болгария секілді шетелдерде жарияланды. Тек содан кейін ғана бұл шығарма өз отанына оралып, байырғы қазақ тілді оқырмандардың жүрегінен ойып орын алды.

Тіпті бұл повесть бойынша «Қазақфильм» киностудиясында көркем фильм түсіріліп, 1967 жылы Канн қаласында өткен Балалар мен жасөспірімдер фильмдерінің халықаралық фестивалінде арнайы жүлдеге ие болды. Бердібек Соқпақбаев дәл осы ерекше әңгіменің арқасында танымал болды.

Повестің басты кейіпкері – Қожа арманшыл, сотқар бала. Тектегігімен үнемі түрлі жағдайларға тап болып жүретін Қожа ақыл-ойы мен біліктілігінің арқасында қиындықтардан шыға алды. Ол біреудің қайғы-қасіретіне көз жұма қарамайтын елгезек, жоғары әділеттілік сезіміне ие, досқа адал, қайырымды, зұлымдыққа жол бермейтін бала. Ал осы қасиеттердің барлығы оқырмандардың жүрегінен мейірімділік тудырып, Қожа батыр бала атанды.

Жазушының 1960 жылы жарық көрген «Балалық шаққа саяхат» атты тағы бір повесі қазақ балалар әдебиетінің асыл мұрасына айналды. 1930-шы жылдардағы кішкентай кейіпкердің тағдыры арқылы өтетін повесть сол уақыттағы оқиғаларды және қазақ халқының қиын өмірін еш боямасыз көрсетеді. Соқпақбаев бұл шығармасында балалық шағын қызықты етіп әңгімелейді. Соның арқасында оқырман сол дәуірдің шынайы тарихи шындықтарын көре алды.

## КІТАП TIME - 2024

### КІТАП ОҚУ УАҚЫТЫ

Кітапсүйер қауымды бір мезетте қауыштыратын еліміздің барлық қаймағында бір уақытта «Кітап Time - 2024» жалпыреспубликалық кітап фестивалі биыл үшінші рет ұйымдастырылып отыр.

Жалпы, республикалық «Кітап Time» кітап фестивалі 2022 жылдан бері ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Ұлттық академиялық кітапхананың ұйымдастыруымен өтіп келеді. Фестивальдың басты мақсаты – кітап оқу мәртебесін көтеру, жалпы әдебиетті насихаттау, оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, тұрғындарды кітапханаларға тарту болып табылады.

Осы шараны қолдау мақсатында Жетісу облысының С.Сейфуллин атындағы орталық кітапханасында түрлі форматты қамтыған кітап фестивалі нағыз Кітап мерекесіне айналды. Мәдени іс-шараға кітапхана оқырмандары, Талдықорған қаласындағы жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері, оқушылар, ақын-жазушылар, қала тұрғындары қатысты.

Салтанатты шараны Жетісу облысының С.Сейфуллин атындағы орталық кітапханасы директорының орынбасары Баймендинова Мадина Сексенбайқызы құттықтау сөзбен ашты.

Жетісу облысындағы «Janp» әдеби клубының президенті, журналист-жазушы Есболат Айдабосын, ақын Ербол Оразбеков кітап оқуды кеңінен насихаттау және кітап оқу мәртебесін көтеру мақсатында ұйымдастырылатын республикалық шараның мәніне тоқталды.



Сондай-ақ, жазушы «Өлгендер қайтып келмейді» романында өмір жолында алдынан шыққан барлық қиындықтарды еңсерген табанды, батыл жас жігіттің өмірін және мінезінің қалыптасуын көрсетеді. Романның әрбір бетінде сол уақытқа тән өмір ұшқындары кездеседі.

Ұлтымыздың руханияты мен мәдениетіне қалам тербеген заңғар жазушының шығармашылығымен сусындамаған қазақ жоқ. Тіпті, әдеби әлемі «ЮНЕСКО», «ТҮРКСОЙ» көлемінде аталып өтуде. Балалық шағындағы бастан өткерген өмірі шығармасына арқау болып, әр кейіпкері бала жанының сүйікті кейіпкерлеріне айналды. «Менің атым Қожа» шығармасы экрандалып, кино өнерінің де құнды қазынасын толықтырды. Оның кітаптары ешқашан кітапхана мен дүкен сөрелерінде шаң басып жатқан емес. Жазушының шығармаларын балалар мен ересектер де асыға күтетін. Кітаптарын барлық жастағы оқырмандар мен ұрпақ жақсы көреді.

Қазақ прозасына жаңа леп, өзгеше өрнек әкелген жазушы 1991 жылы 24 шілдеде Алматының сыртындағы жеке саяжайында көз жұмды.

Алты алашқа ортақ жазушының ғасыр тойы қазақ әдебиетінің, мәдениетінің өркендеуіне үлес қосып жүрген азаматтардың басын қосты. Бала Қожаның кейіпкерін сомдап, сол бейнемен көрерменнің көкейінде қалған Нұрлан Сегізбаев та жазушының рухына тағзым ете оның туған өлкесіне барды.

Нұрлан СЕГІЗБАЕВ, актер:

– Рухани кеште жазушының 4 томдық шығармалар жинағының тұсауы кесілді. Асылдың артында қалған ұрпақтарымен де тілдесудің сәті түсті. Жан сарайымызда жазушы әлеміне деген сағыныштың сайрап жатқанын аңғардық.

Самал СОҚПАҚБАЕВА,

жазушының қызы:

– Нар тұлғаның туған өлкесі Нарынқол өңірінде ескерткіші ашылды. Азулы ақынды айтыс өнерімен сусындатып, ұлттық спорт түрлерінен жарыс өтті. Халықтың ықыласын көріп, қатты қуандым. Елдің құрметі, жазушыға деген сөздер ерекше болды.

Күлән ОМАРОВА,  
Жетісу облысының С.Сейфуллин  
атындағы орталық кітапханасының  
библиографы



Таза Қазақстан  
Жылыұлттық экологиялық акция



## «ЖЕТИСУ» КӨШЕСІ ЖҮЛДЕГЕР

Өтенай ауылдық округіне қарасты Пригородное ауылында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде «Таза көше» атты конкурс ұйымдастырылды. Конкурс шарттарына сәйкес, аулаларды абаттандыру, атап айтқанда, гүл отырғызылған және аула қоршауларының боялуы тағы да басқа тұрғындардың креативті идеялары ескерілді. Конкурс нәтижесін қорытындылауға жергілікті қоғамдастық ұйымының мүшелері мен әкімдік қызметкерлері қатысты. Конкурс жеңімпазы ретінде Пригородное ауылының «Таза көше» номинациясымен «Жетісу» көшесі марапатталды.

## JETISÝ ADALDYQ ALAŇY АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүлкітік (мүлкітік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу. Яғни, қарпайым тілмен айтқанда, мемлекеттің мүддесінен гөрі, өзінің жеке басының пайдасын жоғары қою, пайда көру немесе қызметтік шенін жеке бас пайдалану.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодекстің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында, үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген белгілер болған жағдайда төртінші бөлігінде), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында, үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген белгілер болған жағдайда төртінші бөлігінде), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 218-1 (төртінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 676, 677, 678, 679, 680, 681 баптары бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту көзделген.

Көпшіліктің санасында жемқорлық ұғымы пара алу деп қалыптасқан, алайда пара алумен қатар, пара беру, қызметтік дәрежесін бас пайдасына пайдалану да жемқорлық дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес қаржылық бақылау шаралары жетілдірілді. 2021 жылы мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген тұлғалар, сондай-ақ олардың жұбайлары жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде өздерінің барлық активтерін тіркеп, «кіріс» декларацияларын ұсынды. 2022 жылдан бастап кірістер мен шығыстарды салыстыру жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізуді әр азамат өзінен бастау керек. Мысалы жеке тұлға өзінің ахуалдық жағдайын немесе алатын мемлекеттік қызметті тез алу мақсатында мемлекеттік қызметшіге, уәкілетті тұлғаға ақшалай сыйақы ұсынулары орын алуы мүмкін. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 676 бабына сәйкес 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғуы мүмкін. Аталған бапта бұл туралы жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса деп көрсетілген.

Мемлекетімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұратын қоғам қалыптастыру үшін оның салдарымен күрес жүргізу емес, оның алдын алатын жағдай жасау керек. Яғни, сыбайлас жемқорлықпен күресті әр азамат өзінен бастауы керек.

Талдықорған қаласы бойынша МКБ Заң бөлімі

## ОРТАҚ МАҚСАТ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімінде алдыңғы аптада бөлім басшысының төрағалығымен бөлім қызметкерлері мен қоғамдық жұмысшылардың қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңдардың және Әкімшілік Рәсімдік-процестік кодекстің талаптарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, халыққа мемлекеттік қызметті сапалы көрсету, жұмысты жетілдіру туралы айтылып, заң талаптары бұзылған жағдайда өзге салдары туралы ескертілді.

Бөлімнің бас маманы 9 айда атқарылған жұмыстары бойынша есеп беріп, ағымдағы жылды жақсы нәтижемен аяқтау үшін ұсыныстарды ортаға салып, талқыланды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оған жол бермеу, мемлекеттік қызметімізді адал орындау – бәріміздің ортақ мақсатымыз деп бөлім басшысы ерекше атап өтті. Шара барысында елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстар кеңінен айтылып, қатысушыларға арнайы дайындалған сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Парасатты бол, жемқорлыққа төзімсіздік таныт», «Как правильно сообщить о коррупции» деген постерлері халыққа тарату үшін үлестірілді.

Н.АБДРАХМАНОВА,  
Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімінің басшысы

## НАЗАРҒА АЛ!

### 1 ҚАЗАНДА МҮЛІК САЛЫҒЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІ АЯҚТАЛАДЫ

Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті ағымдағы жылдың 1 қазанында жеке тұлғалардың мүлкіне 2023 жылға салық төлеу мерзімі аяқталатынын еске салады.

Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы айқындайтын салық салу объектілерінің құны және мүлкіті меншік құқығында иеленудің нақты мерзімі негізінде есептеледі.

Салықты есептеу ағымдағы жылдың шілде айында меншік иелеріне жіберілді, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің мобилді қосымшаларын пайдаланушыларға PUSH-хабарламалар жіберілді.

2024 жылғы 2 қазаннан бастап салық сомасын уақтылы төлемеген тұлғаларға жеке тұлғалардың салық берешегі туралы хабарламалар жіберілетінін еске саламыз, хабар-

## ИММУНДАУ

### ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫ ЖӘНЕ АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫ

Жыл сайын күннежүзінде жатыр мойны обырының (ЖМО) 600 мыңнан астам жаңа жағдайлары анықталады және 300 мыңдай әйел осы аурудан қайтыс болады. Қазақстанда жылына жатыр мойны обырының 1900-ден астам жаңа жағдайы тіркеліп, жыл сайын 600-ден астам әйел қайтыс болады. Соңғы 20 жылда республикамызда жатыр мойны обырына шалдығу көрсеткіші 26%-ға өсті.

ЖМО – әлемдегі әйелдерде жиі кездесетін төртінші қатерлі ісік түрі. Қазақстанда статистика одан да сорақы – ЖМО әйелдердегі қатерлі ісіктер құрылымында сүт безі қатерлі ісігінен кейін екінші орында тұр. ЖМО пайда болуының негізгі себебі – адам папиллома вирусы инфекциясы. АПВ – вирустың 200-ге жуық түрін қамтитын топтың атауы. Бұл миллиондаған жылдар бойы тасымалдаушылармен бірге дамыған вирустардың ежелгі тобы. Денедегі сүйел түріндегі АПВ инфекциясы туралы алғашқы ескертулерді біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда ежелгі Греция дәрігерлері сипаттаған. Алайда, соңғы 50 жылда ғана ғалымдар АПВ және оның салдарын зерттеуге қол жеткізді.

Статистикаға сәйкес, 10 адамның 8-і өмір бойы АПВ жұқтырады. АПВ адамның шырышты қабатының терең қабаттарына енеді. Вирусты жұқтыру, оның тасымалдаушысы сияқты, асимптоматикалық болуы мүмкін. Шамамен 90% жағдайда АПВ инфекциясы 1-2 жыл ішінде емделмей өздігінен өтеді. Ғалымдар онкогендік қауіп

лама тапсырылғаннан кейін 30 жұмыс күнінен кейін 1 АЕК-тен астам берешек сомасы бойынша берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу туралы бұйрық жіберілетінін түсіну маңызды, ол 5 жұмыс күнінен кейін жеке сот орындаушыларына мәжбүрлеп өндіріп алуға беріледі.

Бұл ретте, жеке сот орындаушылары берешек сомасынан басқа, салық берешегі сомасының 25%-на дейін жететін, шоттарды қамауға алу және шығуға шектеу қоюдан туындаған қолайсыздықтар туралы айтпағанда, қосымша төлем өндіріп алады.

Артық шығындарды болдырмау үшін мүлкі салығын уақтылы төлеуді ұсынамыз.

Жетісу облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті

жоғары және қатерлі ісікке әкелуі мүмкін АПВ-ға жататын кем дегенде 14 түрін анықтайды. АПВ-ның онкогенді түрлері патологиялық өзгерістерді тудыруы мүмкін, бұл 15-20 жылдан кейін жатыр мойны обырының дамуына әкеледі. ЖМО-ны ерте анықтап, емдеуді дереу бастау арқылы емдеуге болады. Сондықтан Қазақстанда 30 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер үшін жеке скринингтік тексеру жүргізіледі. Әр төрт жыл сайын скринингтік топтағы әйелдер жатыр мойнындағы ықтимал қатерлі ісіктерді анықтау үшін ПАП-тест (Папаниколау жағындысы) тапсыруы керек.

«Скринингтерден басқа, 135-тен астам елде АПВ-ға қарсы вакцинация жүргізіледі. АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, Швеция және басқа елдердің тәжірибесі вакцинациядан кейін жатыр мойны обырының төмендеуін көрсетеді. Қазақстанда 2024 жылдың күзінен бастап Ұлттық вакцинация күнтізбесіне сәйкес, ата-анасынан немесе қамқоршыларынан рұқсат алынғаннан кейін 11 жастағы қыздарға АПВ-ға қарсы ерікті вакцинациялау жүргізілуде», - деп атап өтті Жетісу облысы СЭБД басшысы Асхат Чарапиев.

Жетісу облысында вакцинация 2024 жылғы 23 қыркүйектен басталды, бүгінгі күнге облыста 94 қыз балаға иммундау жүргізілді. Вакцинацияның толық курсы – алты айлық аралықпен екі доза. Сонымен қатар 12-13 жастағы қыз балаларға толықтыра вакцинациялау жүргізілуде. АПВ-ға қарсы вакцина қазақстандық егу күнтізбесінде өртүрлі органдардың қатерлі ісіктерінен қорғайтын екінші еке болып табылады. Біріншісі – вирустық В гепатитіне (ВВГ) қарсы.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02  
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.  
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 100 дана.  
Тапсырыс №1058 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбесінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.

Талдықорған

ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР  
НҰРШАНОВА  
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ